

Қоғамдық талқылаудың хаттамасы

Қызылорда қаласы

30.04.2021 ж

- 1. Өткізілген күні:** 2021 жылы 30 сәуір сағат 15.00.
- 2. Өткізілген орны:** Zoom арқылы
- 3. Қоғамдық талқылауды ұйымдастырыды:** «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі.
- 4. Қоғамдық талқылауды жүргізу туралы акпарат қоғамға жеткізілді:** Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасының 2021 жылғы 20 сәуірдегі №04-9/1424 хаты, «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінде және Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасының интернет-ресурстарында және «Ашық НҚА» порталына жарияланды.

5. Қатысқандар:

Қоғамдық талқылау төрағасы – Қ. Жансұлтанұлы – Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасының су ресурстары бөлімінің басшысы.

1. Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы – Қ. Сәрсенбаев;
2. Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы – М.Н. Бекетова;
3. Қызылорда облысының мемлекеттік кірістер департаменті – М.С. Әбдіхалықов.
4. «Қазсушар» ШЖҚ РМК Қызылорда филиалы – Ж.Ш. Ерназаров;
5. «Қазсушар» ШЖҚ РМК Қызылорда филиалының «Қызылордасушар» өндірістік участкесі – Ж. Нұрымбетов;
6. Арап-Сырдария бассейндік инспекциясы – С. Абуов;
7. «Қызылордаждылуэлектроталығы» МҚК-ны – Р.А. Апсайтов.

Хатшы – Ж. Жұмаева – Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасының су ресурстары бөлімінің бас маманы.

6. Қоғамдық талқылаудың күн тәртібі: «Қызылорда облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы» шешім жобасына реттеушілік әсерді талдау.

7. Сөз сөйледі: **Қ. Жансұлтанұлы** - «Қызылорда облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы» шешім жобасына реттеушілік әсерді талдау нәтижесімен қатысқандарды таныстырыды.

Сөз сөйлегендер:

Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасының бөлім басшысы Қ. Жансұлтанұлы - «Қызылорда облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы» шешім жобасына реттеушілік әсерді талдау нәтижесі бойынша хабарлама жасады.

Жүртшылық мүшелерінің ұғрактары, ұсыныстары мен ескертулері:

Қ. Сәрсенбаев (*ауылшаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары*) ауыл шаруашылығы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемесін 5,4 теңгеден 117,7 теңгеге (22,2 ece) күрт өсуі «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалы шығындарының көлемі ұлғайып, шығын шаруашылық құрылымдарының есебінен алынуы болжануда. Осылан орай өзгеріссіз қалдыруды ұсынып отыр.

Ж.Ерназаров (*«Қазсушар» РМК Қызылорда филиалы директорының орынбасары*) жер үсті су көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін көзделген төлемақы мөлшерлемесін 2023 жылға дейін өзгеріссіз қалдыруды және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 223 бұйрығымен бекітілген Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесінің есебін қайта қарауға ұсыныс білдірді.

Ж. Нұрымбетов (*«Қазсушар» РМК Қызылорда филиалының «Қызылордасушар* өндірістік участкесінің басшысы) ауыл шаруашылығы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемесін мың текше метрге 117,7 теңге

болып белгіленуіне келісімін бермейтіндігін және шаруашылықтар арасында келіспеушіліктер болатынын атап өтті.

Р.А. Апсайтов (*Қызылордаждылуэлектр орталығының өндірістік техникалық бөлімінің басшысы*) өнеркәсіп, жылу энергетикасы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемесін мың текше метрге 424,7 теңгеге өсуіне наразы екенін білдірді.

М.С. Әбдіхалықов (*Қызылорда облысының мемлекеттік кірістер департаментінің өндірістік емес төлемдер басқармасының басшысы*), С. Абуов (*Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының болым басшысы*); М.Н. Бекетова (*Қызылорда облысының қасіткерлік және туризм басқармасының әдіскері*) «Қызылорда облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы» шешім жобасына келісетіндігін және ұсыныс жоқ екендігін хатпен хабарлады.

Тұрғын үй пайдалану және коммуналдық қызметтер, су көздерінен су алатын тогандық шаруашылықтар, су көлігі бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемесі» бойынша:

1) тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтері бойынша мың текше метрге 132,8 теңгеден 150,0 теңге;

3) су көздерінен су алатын тогандық шаруашылықтар мың текше метрге 104,2 теңгеден 117,7 теңге;

4) Су көлігі бойынша мың тонна шақырымға 14,3 теңгеден 16,2 теңге болып белгілеу макұлданды.

Талқылаудың негізгі тұжырымдары: Ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп, жылу-энергетикасы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін ұсынылған төлемақы мөлшерлемелерінен басқа тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтері, су көздерінен су алатын тогандық шаруашылықтар, су көлігі бойынша төлемақы мөлшерлемелері бойынша ұсыныс түспеді.

Қоғамдық талқылаудың төрағасы

Қ. Жансұлтанұлы

Қоғамдық талқылаудың хатшысы

Ж. Жұмаева

«Қызылорда облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы молшерлемелерін бекіту туралы» шешім жобасына реттеушілік әсерді талдау нәтижесі бойынша zoom арқылы өткізілген қоғамдық талқылауга қатысушылар тізімі:

p/c	Мекеме атауы	Аты жөні	Қолы
1	Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы	К. Сәрсенбаев	<i>іс-санар</i>
2	Қызылорда облысының мемлекеттік кірістер департаменті	М.С. Әбдіхалықов	<i>М.С.Әбдіхалықов</i>
3	«Казсушар» РМК Қызылорда филиалы директорының орынбасары	Ж.Ш. Ерназаров	<i>Ж.Ш.Ерназаров</i>
4	«Қазсушар» РМК Қызылорда филиалының «Қызылордасушар» өндірістік участкесі	Ж. Нұрымбетов	<i>іс-санар</i>
5	Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы	С. Абуов	<i>С.Абуов</i>
6	Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы	М.Н. Бекетова	
7	Қызылордаждылу электрорталығы МҚҚ	Р.А. Апсайтов	<i>Р.А.Апсайтов</i>
8	Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасы	К. Жансұлтанұлы	<i>К.Жансұлтанұлы</i>
9	Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасы	Ж. Жұмаева	<i>Ж.Жұмаева</i>